

Некоммерческое акционерное общество
«Каззахский национальный аграрный исследовательский университет»



Председатель Правления - Ректор
А.Куришбаев
2025г.

ПРАВИЛА ПРИЕМА ИНОСТРАННЫХ ГРАЖДАН НА РАБОТУ

П КазНАИУ ППИГ-462

Согласовано

Представитель руководства по качеству

М.Алексеева

Разработал:

Начальник
Управления по работе с
персоналом и делопроизводством



(подпись)

А. Оспанова

«__» _____ 2025 г.

Согласовано:

Первый заместитель Председателя
Правления- Ректора



(подпись)

П. Ибрагимов

«__» _____ 2025 г.

Проректор по академическим
вопросам



(подпись)

Г.Алпысбаева

«__» _____ 2025 г.

Проректор по международным
отношениям



(подпись)

Р.Абазов

«__» _____ 2025 г.

Директор департамента науки



(подпись)

А. Султанов

«__» _____ 2025 г.

Начальник
Отдела правового обеспечения



(подпись)

С. Ордабаева

«__» _____ 2025 г.

Содержание

1.	Общие положения.....	4
2.	Цели и принципы приема иностранных граждан.....	4-5
3.	Право иностранных граждан на осуществление трудовой деятельности....	5-6
4.	Категории иностранных работников.....	6
5.	Прием иностранных граждан на работу в качестве штатных работников..	6-7
6.	Прием иностранных граждан работу по совместительству.....	7
7.	Условия труда и гарантии.....	7
8.	Прекращение трудовых отношений.....	8
9.	Ответственность.....	8
10.	Заключительные положения.....	8

ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1 Настоящие Правила определяют порядок и условия приема иностранных граждан и лиц без гражданства (далее — иностранные работники) на работу в НАО «Казахский национальный аграрный исследовательский университет» (далее — Университет) в качестве:

- штатных работников;
- работников по совместительству (внутреннему и внешнему).

1.2 Настоящие Правила разработаны в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан, в том числе:

- Трудовым кодексом Республики Казахстан;
- Законом Республики Казахстан «О миграции населения»;
- Законом Республики Казахстан «Об образовании»;
- нормативными правовыми актами Правительства Республики Казахстан и уполномоченных государственных органов в сфере миграции, труда и образования;
- международными договорами (при их наличии).

1.3 Настоящие Правила являются внутренним нормативным документом Университета и обязательны для исполнения всеми структурными подразделениями, участвующими в подборе, оформлении и сопровождении иностранных работников.

2. ЦЕЛИ И ПРИНЦИПЫ ПРИЕМА ИНОСТРАННЫХ РАБОТНИКОВ

2.1 Университет осуществляет прием иностранных граждан на работу в рамках реализации государственной политики Республики Казахстан в сфере интернационализации высшего и послевузовского образования, предусмотренной Законом Республики Казахстан «Об образовании», а также стратегическими и программными документами Правительства Республики Казахстан.

2.2 Интернационализация рассматривается Университетом как ключевой инструмент повышения качества образования, научных исследований и международной академической репутации, а также как условие интеграции в мировое образовательное и научное пространство.

2.3 В целях обеспечения устойчивого развития и повышения конкурентоспособности Университет ориентируется на участие в международных рейтингах высших учебных заведений, включая QS World University Rankings, как признанных международных систем оценки деятельности университетов.

2.4 Прием иностранных преподавателей, исследователей и экспертов осуществляется с учетом методологии QS World University Rankings, в которой учитываются следующие показатели:

- доля иностранных преподавателей;
- уровень международной академической репутации;
- участие иностранных специалистов в образовательной и научной деятельности;
- развитие международных академических и научных коллабораций.

2.5 Увеличение доли иностранных работников профессорско-преподавательского и научного состава способствует:

- повышению международной узнаваемости Университета;

- росту академической репутации в международном научно-образовательном сообществе;

- укреплению позиций Университета в международных рейтингах.

2.6 Привлечение иностранных специалистов осуществляется на основе принципов академического качества, международного опыта и научной результативности, с учетом приоритетных направлений развития аграрной науки и образования.

2.7 Иностранные работники привлекаются Университетом для:

- реализации образовательных программ на английском и других иностранных языках;

- участия в разработке и реализации совместных и двойных образовательных программ;

- проведения научных исследований, публикаций в международных рецензируемых изданиях;

- развития международных научных и образовательных партнерств.

- Деятельность иностранных работников направлена на формирование международной академической среды, развитие межкультурных компетенций обучающихся и повышение глобальной конкурентоспособности выпускников Университета.

2.8 Привлечение иностранных преподавателей и исследователей рассматривается Университетом как приоритетное направление кадровой политики, способствующее:

- выполнению стратегических показателей развития Университета;

- достижению целевых индикаторов интернационализации;

- улучшению позиций в международных рейтингах (QS и иных).

2.9 Настоящие Правила направлены на обеспечение баланса между государственными интересами Республики Казахстан, развитием национального кадрового потенциала и необходимостью интеграции Университета в глобальное образовательное пространство.

3. ПРАВО ИНОСТРАННЫХ ГРАЖДАН НА ОСУЩЕСТВЛЕНИЕ ТРУДОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

3.1 В соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан, иностранные граждане и лица без гражданства имеют право осуществлять трудовую деятельность на территории Республики Казахстан при соблюдении требований миграционного законодательства.

3.2 Университет вправе принимать иностранных граждан на работу в качестве штатных работников и работников по совместительству при наличии у них законных оснований для осуществления трудовой деятельности в Республике Казахстан.

3.3 Прием иностранных работников осуществляется с учетом:

- квоты на привлечение иностранной рабочей силы (при ее применимости);

- наличия разрешения на привлечение иностранной рабочей силы либо оснований для освобождения от его получения;

- соблюдения визово-миграционного режима – наличие визы категории С3.

3.4 Виза категории С3 предназначена для иностранных преподавателей, исследователей и специалистов, заключивших трудовой договор с Университетом.

3.5 Основанием для оформления визы категории СЗ являются:

- Копия трудового договора с Университетом,
- Приказ о приеме на работу, выданный Университетом.
- Апостилированный диплом и приложения к нему, подтверждающие квалификацию преподавателя.
- Справка о несудимости, апостилированная в стране выдачи.
- Разрешение на привлечение иностранной рабочей силы (если требуется по законодательству Республики Казахстан).
- Визовая поддержка (приглашение), оформленная Университетом в установленном порядке.
- Медицинская справка о состоянии здоровья, которая проходит иностранный преподаватель после прибытия в Республику Казахстан.

3.6 Иностранные граждане обязаны своевременно, не позднее чем за 30 календарных дней до окончания срока действия визы, подавать документы на её продление (при необходимости).

3.7 Иностранные граждане обязаны уведомлять Международный офис, в случае смены адреса проживания, изменения паспортных данных или пересечения государственной границы Республики Казахстан.

3.8 Иностранцам гражданам запрещается нарушать сроки пребывания на территории Республики Казахстан и использовать визу не по назначению.

3.9 Нарушение визового и миграционного режима может повлечь административную ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан, вплоть до выдворения (депортации) за пределы страны.

4. КАТЕГОРИИ ИНОСТРАННЫХ РАБОТНИКОВ

4.1 Иностранные граждане могут быть приняты в Университет на следующие должности:

- профессорско-преподавательский состав;
- научные работники и исследователи;
- эксперты и специалисты в рамках образовательных и научных проектов;
- административно-управленческий персонал (при наличии законных оснований).

4.2 В зависимости от характера занятости иностранные работники принимаются:

- на штатную должность (по основному месту работы);
- по совместительству (внешнему или внутреннему) в порядке, установленном Трудовым Кодексом Республики Казахстан.

5. ПРИЕМ ИНОСТРАННЫХ ГРАЖДАН НА РАБОТУ В КАЧЕСТВЕ ШТАТНЫХ РАБОТНИКОВ

5.1. Прием иностранного гражданина на штатную должность осуществляется на основании трудового договора, заключаемого в письменной форме в соответствии с Трудовым Кодексом Республики Казахстан.

5.2. До заключения трудового договора Университет обеспечивает:

- подтверждение отсутствия подходящих кандидатов из числа граждан Республики Казахстан (в случаях, предусмотренных законодательством);

- получение разрешения на привлечение иностранной рабочей силы либо подтверждение освобождения от его получения;
- соблюдение квоты на привлечение иностранной рабочей силы (при необходимости).

6. ПРИЕМ ИНОСТРАННЫХ ГРАЖДАН НА РАБОТУ ПО СОВМЕСТИТЕЛЬСТВУ

6.1 Иностранцы граждане могут быть приняты на работу в Университет по совместительству при условии, что это не противоречит законодательству Республики Казахстан и условиям их основного места работы.

6.2 Работа по совместительству допускается:

- для преподавания отдельных дисциплин;
- участия в научных проектах;
- выполнения экспертных, консультационных и исследовательских функций.

6.3 Трудовой договор по совместительству заключается в письменной форме и содержит указание на характер работы как совместительство.

6.4 Требования миграционного законодательства применяются к работникам по совместительству в полном объеме, если иное не установлено законодательством или международными договорами Республики Казахстан.

7. УСЛОВИЯ ТРУДА И ГАРАНТИИ

7.1 Иностранцы работники пользуются трудовыми правами и несут обязанности наравне с гражданами Республики Казахстан в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан.

7.2 Университет обеспечивает иностранным работникам:

- равные условия оплаты труда;
- доступ к образовательной и научной инфраструктуре;
- участие в международных и республиканских образовательных и научных проектах, реализуемых Университетом.

7.3 В целях развития интернационализации Университет может предусматривать дополнительные меры поддержки иностранных работников в пределах законодательства Республики Казахстан.

8. ПРЕКРАЩЕНИЕ ТРУДОВЫХ ОТНОШЕНИЙ

8.1 Прекращение трудового договора с иностранным работником осуществляется в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан.

8.2 Основанием для прекращения трудовых отношений также может являться:

- истечение срока разрешения на работу или права пребывания;
- аннулирование разрешительных документов;
- иные основания, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

9. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ

9.1 Должностные лица Университета несут ответственность за нарушение порядка привлечения иностранных работников в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

9.2 Нарушение миграционного и трудового законодательства влечет ответственность, предусмотренную Кодексом Республики Казахстан об административных правонарушениях.

10. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

10.1 Настоящие Правила вводятся в действие приказом Председателя Правления – Ректора Университета.

10.2 Изменения и дополнения в настоящие Правила вносятся при изменении законодательства Республики Казахстан либо стратегии развития Университета.

10.3 Настоящие Правила подлежат размещению на официальном сайте Университета.

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»
Коммерциялық емес Акционерлік Қоғамы



БЕКІТЕМІН

Басқарма Төрағасы - Ректор

А.Куришбаев

2025ж.

ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫН ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

Е ҚазҰАЗУ ШАЖҚЕ-462

Келісілді:

Сапа жөніндегі басшылықтың өкілі

М.Алексеева

Әзірлеген:

Персоналмен жұмыс және іс жүргізу Басқармасының бастығы




(қолы)

А. Оспанова

«__» _____ 2025 ж.

Келісілді:

Басқарма Төрағасы-Ректордың бірінші орынбасары



(қолы)

П. Ибрагимов

«__» _____ 2025 ж.

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор



(қолы)

Г. Алпысбаева

«__» _____ 2025 ж.

Халықаралық қатынастар жөніндегі проректор



(қолы)

Р. Абазов

«__» _____ 2025 ж.

Ғылым департаментінің директоры



(қолы)

А. Султанов

«__» _____ 2025 ж.

Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы



(қолы)

С. Ордабаева

«__» _____ 2025

Мазмұны

1.	Жалпы ережелер.....	4
2.	Шетел азаматтарын қабылдаудың мақсаттары мен принциптері.....	4-5
3.	Шетелдік азаматтардың еңбек қызметін жүзеге асыру құқығы.....	5-6
4.	Шетелдік қызметкерлердің санаттары.....	6
5.	Шетел азаматтарын штаттық қызметкерлер ретінде жұмысқа қабылдау....	6-7
6.	Шетел азаматтарын сыртқы қоса атқару қызметіне қабылдау.....	7
7.	Еңбек шарттары мен кепілдіктері.....	7
8.	Еңбек шарттарын тоқтату.....	8
9.	Жауапкершілік.....	8
10.	Қорытынды ережелер.....	8

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Қағидалар шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды (бұдан әрі — шетелдік қызметкерлер) «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі — Университет) жұмысқа қабылдаудың тәртібі мен шарттарын айқындайды:

- штаттық қызметкерлер ретінде;
- қоса атқаратын жұмыс бойынша қызметкерлер (ішкі және сыртқы) ретінде.

1.2 Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әзірленді, оның ішінде:

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне;
- Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына;
- көші-қон, еңбек және білім беру салаларындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және уәкілетті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілеріне;

- халықаралық шарттарға (бар болған жағдайда).

1.3 Осы Ережелер Университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және шетелдік қызметкерлерді іріктеуге, рәсімдеуге және сүйемелдеуге қатысатын барлық құрылымдық бөлімшелер үшін міндетті.

2. ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ

2.1 Университет шетел азаматтарын жұмысқа қабылдауды Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында көзделген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді интернационалдандыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде жүзеге асырады.

2.2 Интернационалдандыру Университет тарапынан білім беру сапасын, ғылыми зерттеулерді және халықаралық академиялық беделді арттырудың негізгі құралы, сондай-ақ әлемдік білім беру және ғылыми кеңістікке интеграциялану шарты ретінде қарастырылады.

2.3 Тұрақты дамуды қамтамасыз ету және бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында Университет қызметін бағалаудың халықаралық мойындалған жүйелері болып табылатын халықаралық жоғары оқу орындары рейтингтеріне, оның ішінде QS World University Rankings рейтингіне қатысуға бағдарланады.

2.4 Шетелдік оқытушыларды, зерттеушілерді және сарапшыларды қабылдау QS World University Rankings әдіснамасын ескере отырып жүзеге асырылады, онда мынадай көрсеткіштер назарға алынады:

- шетелдік оқытушылардың үлесі;
- халықаралық академиялық бедел деңгейі;
- шетелдік мамандардың білім беру және ғылыми қызметке қатысуы;
- халықаралық академиялық және ғылыми коллаборацияларды дамыту.

2.5 Профессорлық-оқытушылық және ғылыми құрамдағы шетелдік қызметкерлер үлесінің артуы:

- Университеттің халықаралық танымалдылығын арттыруға;

- халықаралық ғылыми-білім беру қоғамдастығындағы академиялық беделінің өсуіне;
- Университеттің халықаралық рейтингтердегі позицияларын нығайтуға ықпал етеді.

2.6 Шетелдік мамандарды тарту аграрлық ғылым мен білім беруді дамытудың басым бағыттарын ескере отырып, академиялық сапа, халықаралық тәжірибе және ғылыми нәтижелілік қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

2.7 Шетелдік қызметкерлер Университетке:

- білім беру бағдарламаларын ағылшын және басқа да шет тілдерінде іске асыру үшін;
- бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу үшін;
- ғылыми зерттеулер жүргізу, халықаралық рецензияланатын басылымдарда жарияланымдар жасау үшін;
- халықаралық ғылыми және білім беру әріптестіктерін дамыту үшін тартылады.
- Шетелдік қызметкерлердің қызметі халықаралық академиялық ортаны қалыптастыруға, білім алушылардың мәдениетаралық құзыреттерін дамытуға және Университет түлектерінің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

2.8 Шетелдік оқытушылар мен зерттеушілерді тарту Университеттің кадрлық саясатының басым бағыты ретінде қарастырылады және ол:

- Университеттің стратегиялық даму көрсеткіштерін орындауға;
- интернационалдандырудың мақсатты индикаторларына қол жеткізуге;
- халықаралық рейтингтердегі (QS және өзге де) позицияларды жақсартуға ықпал етеді.

2.9 Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүдделері, ұлттық кадрлық әлеуетті дамыту және Университеттің жаһандық білім беру кеңістігіне интеграциялану қажеттілігі арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталған.

3. ШЕТЕЛДІК АЗАМАТТАРДЫҢ ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚҰҚЫҒЫ

3.1 Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар көші-қон заңнамасының талаптарын сақтаған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыруға құқылы.

3.2 Университет шетел азаматтарын Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыруға заңды негіздері болған жағдайда штаттық қызметкерлер және қоса атқаратын жұмыс бойынша қызметкерлер ретінде жұмысқа қабылдауға құқылы.

3.3 Шетелдік қызметкерлерді жұмысқа қабылдау мынадай талаптарды ескере отырып жүзеге асырылады:

- шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квота (қолданылатын жағдайда);
- шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың болуы немесе оны алудан босату негіздерінің болуы;
- визалық-көші-қон режимін сақтау – С3 санатындағы визаның болуы.

3.4 С3 санатындағы виза Университетпен еңбек шартын жасасқан шетелдік оқытушыларға, зерттеушілерге және мамандарға арналған.

3.5 С3 санатындағы визаны рәсімдеу үшін негіз болып мыналар табылады:

- Университетпен жасалған еңбек шартының көшірмесі;
- Университет берген жұмысқа қабылдау туралы бұйрық;
- оқытушының біліктілігін растайтын апостиль қойылған диплом және оған қосымшалар;
- берілген елінде апостиль қойылған соттылықтың жоқтығы туралы анықтама;
- шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажет болған жағдайда);
- Университет белгіленген тәртіппен рәсімдеген визалық қолдау (шақыру);
- Қазақстан Республикасына келгеннен кейін шетелдік оқытушы өтетін денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама.

3.6 Шетел азаматтары визаның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын (қажет болған жағдайда) оны ұзарту үшін құжаттарды уақтылы тапсыруға міндетті.

3.7 Шетел азаматтары тұрғылықты мекенжайы өзгерген, паспорттық деректері өзгерген немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өткен жағдайда Университеттің Халықаралық офисіне хабарлауға міндетті.

3.8 Шетел азаматтарына Қазақстан Республикасының аумағында болу мерзімдерін бұзуға және визаны мақсатсыз пайдалануға тыйым салынады.

3.9 Визалық және көші-қон режимін бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін, соның ішінде ел аумағынан шығарып жіберуге (депортацияға) дейін.

4. ШЕТЕЛДІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНАТТАРЫ

4.1 Шетел азаматтары Университетке мынадай лауазымдарға қабылдануы мүмкін:

- профессорлық-оқытушылық құрам;
- ғылыми қызметкерлер мен зерттеушілер;
- білім беру және ғылыми жобалар шеңберіндегі сарапшылар мен мамандар;
- әкімшілік-басқарушы персонал (заңды негіздер болған жағдайда).

4.2 Жұмыспен қамтылу сипатына қарай шетелдік қызметкерлер:

- штаттық лауазымға (негізгі жұмыс орны бойынша);
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен қоса атқаратын жұмыс бойынша (ішкі немесе сыртқы) қабылданады.

5. ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫН ШТАТТЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР РЕТІНДЕ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ

5.1 Шетел азаматын штаттық лауазымға қабылдау Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жазбаша нысанда жасалатын еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады.

5.2 Еңбек шартын жасасқанға дейін Университет мыналарды қамтамасыз етеді:

- заңнамада көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасы азаматтары арасынан тиісті үміткерлердің болмауын растау;
- шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты алу не оны алудан босатылғанын растау;
- шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны сақтау (қажет болған жағдайда).

6. ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫН СЫРТҚЫ ҚОСА АТҚАРУ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАБЫЛДАУ

6.1 Шетел азаматтары Қазақстан Республикасының заңнамасына және олардың негізгі жұмыс орнының шарттарына қайшы келмеген жағдайда Университетке сыртқы қоса атқаратын жұмыс бойынша қабылдануы мүмкін.

6.2 Қоса атқаратын жұмысқа жол беріледі:

- жекелеген пәндерді оқыту үшін;
- ғылыми жобаларға қатысу үшін;
- сараптамалық, консультациялық және зерттеу функцияларын орындау үшін.

6.3 Қоса атқаратын жұмыс бойынша еңбек шарты жазбаша нысанда жасалады және онда жұмыстың қоса атқару сипатында екені көрсетіледі.

6.4 Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, көші-қон заңнамасының талаптары қоса атқаратын жұмыс бойынша қызметкерлерге толық көлемде қолданылады.

7. ЕҢБЕК ШАРТТАРЫ МЕН КЕПІЛДІКТЕРІ

7.1 Шетелдік қызметкерлер Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең дәрежеде еңбек құқықтарын пайдаланады және міндеттер атқарады.

7.2 Университет шетелдік қызметкерлерге:

- еңбекке ақы төлеудің тең жағдайларын;
- білім беру және ғылыми инфрақұрылымға қолжетімділікті;
- Университет іске асыратын халықаралық және республикалық білім беру және ғылыми жобаларға қатысуды қамтамасыз етеді.

7.3 Интернационалдандыруды дамыту мақсатында Университет Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде шетелдік қызметкерлерге қосымша қолдау шараларын көздеуі мүмкін.

8. ЕҢБЕК ШАРТТАРЫН ТОҚТАТУ

8.1 Шетелдік қызметкермен жасалған еңбек шартын тоқтату Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

8.2 Еңбек қатынастарын тоқтатуға сондай-ақ мынадай негіздер болуы мүмкін:

- жұмыс істеуге арналған рұқсаттың немесе ел аумағында болу құқығының мерзімінің аяқталуы;
- рұқсат беру құжаттарының күшінің жойылуы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер.

9. ЖАУАПКЕРШІЛІК

9.1 Университеттің лауазымды тұлғалары шетелдік қызметкерлерді тарту тәртібін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

9.2 Көші-қон және еңбек заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар кодексінде көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

10.1 Осы Ережелер Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректордың бекітуімен күшіне енеді.

10.2 Осы Қағидаларға өзгертулер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасы немесе Университеттің даму стратегиясы өзгерген жағдайда енгізіледі.

10.3 Осы Ережелер Университеттің ресми сайтында жариялануға міндетті.